1.5. Іс қағаз жүргізушіге ұйым басшысының бұйрығы негізінде ведомстволық архивке (штат кестесі бойынша архив меңгерушісі немесе архивариус лауазымы жоқ болған жағдайда) жауап береді.

1.6. Іс қағаз жүргізуші тағайындалғанда немесе босатылғанда істер қабылданады және өткізіледі, ол туралы акт ресімделеді.

1.7. Іс қағаз жүргізуші өз қызметінде іс қағаз жүргізуге және архив ісіне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі өкілетті мемлекеттік органының, жергілікті архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі өкілетті мемлекеттік органдарының, тиісті мемлекеттік архив мекемесінің нормативтік құқықтық актілерін, ұйым басшысының өкімдік құжаттары мен нұсқауларын және осы нұсқаулықты басшылыққа алады.

2. Функциялар

2.1. Іс қағаз жүргізуші құжаттау, құжаттармен жұмысты ұйымдастырудың, құжаттармен жұмыстың нысандары мен әдістерін жетілдіру, ақпараттық-ізвестіру жүйесін құрастыру мен жүргізудің, құжаттарды орындауды бақылау мен құжаттарды ведомстволық (жеке) архивке өткізуге дайындау, ұйымдағы құжат айналымын азайтудың бір ізді тәртібін қамтамасыз етеді.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Іс қағаз жүргізуші өз қызметін атқарған кезінде:

3.1.1. ұйым қызметі барысында жинақталған құжаттардың жіктегішін жасайды және жетілдіреді;

3.1.2. құжаттарды қабылдайды, алғашқы өңдеуін жүргізеді, алдын ала қарайды, тіркейді, құрылымдық бөлімшелерге жібереді, есепке алады, сақтайды, жан-жаққа жібереді;

3.1.3. ұйым басшысының уақытында кіріс құжаттарды қарауды ұйымдастырады, қол қойылуға берілетін құжаттардың ресімделуін бақылайды;

3.1.4. құжаттардың белгіленген мерзімде орындалуын бақылайды, ұйым басшысына құжаттардың орындалу қорытындысын баяндап отырады;

3.1.5. бақылау-анықтамалық және басқа картотекаларды, компьютерде дерекқорды қалыптастырады және жүргізеді;

3.1.6. құжаттарды басу, көбейту және көшіру жұмыстарын ұйымдастырады;

3.1.7. ұйымның ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарының бланкілерінің жобасын жасайды және келіседі;

3.1.8. іс қағаздарын жүргізу қағидаларын жасайды;

3.1.9. ұйымның істер номенклатурасын жасайды, істерді ведомстволық (жеке) архивке белгіленген тәртіп бойынша өткізгенше жедел сақтауды оларды пайдалануды қамтамасыз етеді;

3.1.10. құжаттармен жұмыс жасаудың нысандары мен әдістерін жетілдіру, орындау тәртібін жақсарту бойынша іс-шараларды ұйымдастырады;

3.1.11. құрылымдық бөлімшелерде істердің ресімделуінің және қалыптасуының дұрыстығын бақылайды, құжаттардың құндылығын сақтау мен жою үшін іріктеу мақсатында сараптауды ұйымдастырады;

3.1.12. құжаттау мен құжаттаманы басқару мәселелері бойыншы кеңестер, мәжілістер өткізеді.

4. Құқығы

4.1. Іс қағаз жүргізуші құқылы:

4.1.1. құжаттармен жұмыс жүргізуде белгіленген ережелердің орындалуын құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан талап етуге және бақылауға;

4.1.2. іс қағаз жүргізуші жұмысына қажетті мәліметтерді құрылымдық бөлімшелерден сұрауға;

4.1.3. ұйымда құжат айналымын азайтуға бақылау жасауға;

4.1.4. құрылымдық бөлімшелерде құжаттау мен құжаттаманы басқарудың ұйымдастырылуына тексеру жүргізуге, тиісті шара қолдану үшін ұйым басшысына тексеру қорытындысын баяндауға;

4.1.5. дайындау барысында белгіленген ережелердің бұзылғаны үшін құжаттарды қайта дайындауға жіберуге.

5. Лауазымы бойынша қарым-қатынастар мен байланыстар

- 5.1. Іс қағаз жүргізуші:
- 5.1.1. құжаттау мен құжаттаманы басқару мәселелері бойынша – ұйымның құрылымдық бөлімшелерімен;
- 5.1.2. құжаттарды дайындаудағы құқықтық мәселелер бойынша – ұйымның заңгерімен;
- 5.1.3. құжаттарды мемлекеттік, орыс және басқа да тілдерге аудару мәселелері бойынша ұйымның аударма жұмысы үшін жауапты тұлғамен;
- 5.1.4. есептеу және ұйымдастырушылық техникалармен, ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттардың бланкілерімен, кеңсе құралдарымен қамтамасыз ету мәселелері жөнінде ұйымның шаруашылық бөлімімен қарым-қатынас жасайды.

6. Жұмысты ұйымдастыру және қызметті бағалау талаптары (критерийі)

- 6.1. Іс қағаз жүргізуші ұйымның ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сәйкес жұмыс істейді.
- 6.2. Іс қағаз жүргізуші жұмысының сапасын бағалау және оның лауазымға сәйкестігін шешуде оған қойылатын талаптар:
- 6.2.1. іс қағаз жүргізу жүйесінің негізгі ережелерін білуі;
- 6.2.2. ұйымның құрылымын және бөлімшелерін білуі;
- 6.2.3. ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттама жүйесінің біркелкі стандарттарын білуі;
- 6.2.4. хат-хабарлардың жүргізілу үдерісін бақылау тәртібін білуі;
- 6.2.5. еңбекті ұйымдастыру мен басқару негіздерін білуі;
- 6.2.6. техника құралдарын пайдалану, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі;
- 6.2.7. өзінің біліктілігін оқу орталықтарында, курстарда, семинарларда жүйелі түрде арттыруы;
- 6.2.8. ұйымның құжаттама жүйесін үнемі жетілдіріп отыру, оның ішінде, іс қағаз жүргізудің қалыптасқан нысанын қазіргі заманғы автоматтандырылған технологияларға ауыстыру, біртіндеп көшіру;
- 6.2.9. өз қызметі бойынша ұйым басшылығы мен жергілікті архивтер мен құжаттама басқару жөніндегі орган тарапынан ескертулер алмау;
- 6.2.10. ішкі еңбек тәртібі ережелерін білу, заңнамаларды бұзбау.

Лауазым атауы **жеке қолтаңбасы** **Атының бас әрпі және тегі**

Қолбелгілер:

Лауазым атауы жеке қолтаңбасы Атының бас әрпі және тегі Күні

Осы нұсқаулықпен таныстым, бір данасын алдым және жұмыс орнымда сақтауға міндеттенемін

2021 жылғы 01 наурыз Сәкенқызы Қ. Сәкенқызы

2-қосымша

2021 жылғы 01 наурызда
Бас директор бекіткен Іс қағаз жүргізушінің нұсқаулығымен
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ р\с	Жұмыскер жұмысқа қабылданған күн	Жұмыскердің аты-жөні	Нұсқаулықпен танысқаны және оның көшірмесін алғаны ту- ралы жеке қолтаңбасы	Танысқан күні	Жұмыскермен жасасқан еңбек шартының тоқтатылған (бұзылған) күні
1	2	3	4	5	6
6	2020 жылғы 28 ақпан	Әсем Үсенқызы	Үсенқызы	2020 жылғы 28 ақпан	2021 жылғы 28 ақпан
7	2021 жылғы 01 наурыз	Қуаныш Сәкенқызы	Сәкенқызы	2021 жылғы 01 наурыз	

А. Адельгужин,
құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды
архивтік сақтау жөніндегі сарапшы, Алматы қ.



Мемлекеттік архивтің басқарушылық құжаттарына арналған ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесі: құрамы, құрылымы, қызметі



Журналдың алдыңғы санында біз электрондық құжаттардың тізімдемесін қалай құрастыру керектігі, электрондық құжаттар мен істер ведомстволық (жеке) архивке сақтау үшін қалай тапсырылатыны, электрондық құжат пен электрондық іс қалай құрылып, бекітілетіні, сонымен қатар ұйымның электрондық құжаттарының ведомстволық (жеке) архивінің автоматтандырылған ғылыми анықтамасы туралы айтқанбыз. Тақырыпты жалғастыра отырып, мемлекеттік архивтің басқарушылық құжаттарына арналған ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесінің құрамы туралы айтатын боламыз.



Мемлекеттік архивтің басқарушылық құжаттарына арналған ғылыми-анықтамалық аппараттар жүйесінің құрамына мыналар кіреді:

1. Архивтік анықтамалықтар (архивтік тізімдемелер, архивтік қорлардың тізімі, каталогтар, анықтамалықтар, архив құжаттарына шолулар).

2. Ғылыми-анықтамалық аппараттың автоматтандырылған жүйесі.

Архивтік анықтамалықтар архиваралық, жалпы архивтік, қораралық және әр қор бойынша болып бөлінеді.

Архиваралық анықтамалықтар мемлекеттік архивтер тобының (жалпы елдің, аймақтың, облыстың) құжаттарын іздеуді қамтамасыз етеді. Архивтік анықтамалықтар архивтік құжаттарды сипаттау негізінде құрылады, яғни бастапқы және аналитикалық синтетикалық өңдеу арқылы құжаттар мен қорлардың құрамы, мазмұны мен мекенжайлары (іздеу деректері) туралы қосымша ақпарат құру негізінде жасалады. Анықтамалықтың қандай түрінің құрылуына байланысты сипаттама жасалады:

- 1) архив құжаты (құжат бөлігі);
- 2) архивтік құжаттар топтары;
- 3) архив ісі, архив істерінің тобы;
- 4) архив қоры (архив қорының бөлігі);
- 5) архив қорларының топтары;
- 6) мемлекеттік архивтің архивтік қорлары;
- 7) мемлекеттік архивтер тобының архив қорлары.

Ғылыми-анықтамалық аппараттар жүйесінің тік және көлденең деңгейлері

Ғылыми-анықтамалық аппараттар жүйесі құрылымдық жағынан тік және көлденең деңгейлерге бөлінеді. Жүйенің **көлденең деңгейі** каталогтардың функционалдық айырмашылығына негізделген. Ғылыми-анықтамалық аппарат анықтамалықтары **функциясы бойынша**:

- 1) есепке алу бойынша анықтамалықтар;
- 2) құжаттардың мазмұнын ашуға арналған анықтамалықтар (ақпараттық-іздеу жүйелері) болып бөлінеді.

Жүйенің **тік деңгейі** архивтік құжаттардың келесі кешендеріне арналған анықтамалық кітаптар иерархиясына негізделген:

1. Жалпы Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорына.
2. Мемлекеттік архивке.
3. Архив қорына.
4. Іске немесе жеке құжатқа.

Осы бөлуге сәйкес архив құжаттарына арналған ең кең таралған анықтамалықтар мен анықтамалық кешендерді атауға болады:

1. Жалпы Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры: Ұлттық архив қорының құжаттары және оны алу көздері туралы мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қор каталогы.

Уәкілетті орган мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың сұрау салуларын қанағаттандыру үшін Мемлекеттік қор каталогының ақпаратына қолжетімділікті және оның пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Мемлекеттік архив:

- 1) нұсқаулық немесе қысқаша анықтама;
- 2) келіп түскен істерді есепке алу кітабы;
- 3) архив қорларының тізбесі;
- 4) архив қорларының парақтары;
- 5) істер (құжаттар) тізімдері;
- 6) каталогтар;
- 7) тақырыптық шолулар;
- 8) көрсеткіштер;
- 9) мемлекеттік архивтің төлқұжаты.

3. Архив қоры:

- 1) архив қорының парағы; істердің (құжаттардың) тізімі;
- 2) архив қорына шолу;
- 3) анықтамалықтар;
- 4) көрсеткіштер;

4. Жеке іс немесе жеке құжат:

- 1) тақырыптық нұсқаулықтар;
- 2) каталогтар;
- 3) көрсеткіштер;
- 4) қор бойынша және тақырыптық шолулар; істің ішкі тізімдемесі;
- 5) аңдатпа;
- 6) куәландырушы жазба.

Тәжірибелік жұмыста барлық анықтамалықтар құжаттардың деңгейлері бойынша жіктеу нәтижесінде өз атауларын алды:

1. Архиваралық (Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры немесе оның бөлігі деңгейінде).
2. Архивішілік және қораралық (архивтік қорлары немесе олардың бөліктері деңгейінде).
3. Ішкі қор (архив қоры немесе оның бөлігі деңгейінде).

Мемлекеттік архив каталогтары жүйесінің құрамын не белгілейді

Каталогтар (архив қорларының мазмұны, сақтау бірліктері (есепке алу бірліктері), архив құжаттары (немесе олардың бөліктері) туралы мәліметтер құжаттық ақпараттың белгілі бір жіктеу сызбасына сәйкес орналасқан субъектілер (тақырыптар, салалар) бойынша топтастырылған қораралық архивтік анықтамалықтар)) мемлекеттік архив каталогтарының формалық жүйесін қалыптастырады. Мемлекеттік архив каталогтары жүйесінің құрамы:

- 1) архив құжаттарының құрамы мен мазмұны;
- 2) оларды қолдану қарқындылығы;
- 3) архив қорларының даму дәрежесі;
- 4) архивтік анықтамалықтардың басқа түрлерінің болуы мен сапасы.

Архивтің негізгі каталогтары **жүйелі және атаулы каталогтар** болып табылады. Каталогтар жүйелік, тақырыптық және олардың түрлері (ұйымдар тарихы, әкімшілік-аумақтық бөлінісі туралы каталогтар және т. б.), пәндік және оның түрлері (атаулы, географиялық және объектілік) болып бөлінеді.

Сипаттамалық каталогқа мыналар кіреді:

- 1) мемлекеттік архивтің атауы;
- 2) индекс;
- 3) айдар және кіші айдар;
- 4) іс-шараның өткізілетін күні;
- 5) іс-шара өтетін жер;
- 6) архивтік құжаттан, сақтау бірлігінен (есепке алу бөлімінен), архив қорынан (мазмұнынан) алынған мәліметтер;
- 7) архивтік шифр;
- 8) құжаттың тілі және оны көбейту әдісі;
- 9) құрастырушының аты-жөні және сипаттамалық мақала жасалған күні.

Каталог бөлімдерінің арасында немесе каталог бөлімдерінің басқа архивтік анықтамалықтардың арасында байланыс орнату үшін сілтеме жүйесі қолданылады. 1970 жылдардың басына қарай каталогтарды құрудың сараланған тәсілі жасалды, ол «Каталогтау кезіндегі сараланған тәсілдің негіздері» әдістемелік ұсынымдарда көрініс тапты. Ұзақ уақыт бойы мемлекеттік архивтің каталогтар жүйесінде бастысы **жүйелі каталог** болды, онда құжаттық ақпарат логикалық дәйектілікте орналасқан қоғамның білім салалары мен практикалық қызметтері бойынша жіктеледі. Ол мемлекеттік архивтердің жүйелі каталогтарындағы құжаттық ақпараттың бірыңғай жіктеу схемалары бойынша құрылады. Бұл схемалар кең тақырыптық ауқымдағы ақпаратты іздеу жүйелері болып табылады. Олар Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын жіктеу талдауы үшін арнайы әзірленген және мемлекеттік (арнайы мемлекеттік) және ведомстволық (жеке) архивтердің барлық буындарының жүйелік каталогтарын ұйымдастыруға арналған. Схемалар мемлекеттік, қоғамдық өмірдің оқиғаларын, құбылыстары мен фактілерін ғылыми жіктеу негізінде құрды, олардың әлеуметтік-экономикалық бағыты болды. Схемалардың жоғарғы бөлімдері адам қызметінің салалары болды.

Істердің архивтік тізімдемесі



Архивтік тізімдеме – бұл істердің құрамы мен мазмұнын ашуға, оларды қордың ішінде жүйелеуге және істерді есепке алуға арналған архивтік анықтамалық.

Тізімдемелер іс қағаздарды жүргізуде және ұйымдардың ведомстволық архивінде жинақталады. Мемлекеттік архивтерде тізімдемелер:

- 1) келіп түскен сипатталған құжаттарға;
- 2) сапасыз тізімдемелерді қайта өңдеу процесінде (*1-қосымша*);
- 3) ерекше құнды құжаттарға (*2-қосымша*);
- 4) құжаттарға – Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының объектілеріне (*3-қосымша*);
- 5) жеке басының шығу тегі туралы құжаттарға жасалады.

Мемлекеттік архивте тізімдеменің үш данасы болуы керек: біреуі бақылау және екеуі жұмыс тізімдемесі. Бақылау данасы – құжаттардың орталықтандырылған есепке алынуын жүзеге асыратын мемлекеттік архивтің құрылымдық бөлімшесінде, ал жұмыс көшірмелері тиісті архивтерде және оқу залында болады. Тізімдемелер – қор нөмірлерінің реті бойынша, ал қор ішінде тізімдемелердің нөмірлері бойынша сақталады.

Тізімдемені құру процесі келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

- 1) карточкалардағы істердің сипаттамасы (әр сақтау бірлігі үшін);
- 2) карточкаларды схемаға сәйкес жүйелеу, оларды редакциялау;
- 3) тізімдемені ресімдеу.

Істерді (құжаттарды) сипаттау: тақырыптан архивтік шифрге дейін

Істердің сипаттамасына істің (құжаттың) тақырыбын жасау, құрылымдық бөліктің атауын, жазба нөмірін (индексін), іс құжаттарын қабылдаудың соңғы күндерін, істегі парақтардың санын және істің архивтік шифрін белгілеу кіреді. Бұл мәліметтердің барлығы картаға жазылады. Әрбір карточкаға реттік нөмір беріледі, ол істің мұқабасында қарындашпен жазылады. Бұл оның тізімдеме мен қордағы істердің түпкілікті жүйеленуіне дейінгі уақытша жұмыс нөмірі. Жүйелеу аяқталғаннан кейін карточкалардағы барлық мәліметтер тізімдемеге және істер мұқабаларына ауыстырылады.

Сипаттау кезінде сөздердің және қысқартулардың ресми және жалпы қабылданған қысқартуларын, сонымен қатар ұйым тәжірибесінде қолданылатын қысқартуларды қолданады. Мемлекеттік архивте құжаттарды сипаттауда қолданылатын қысқартулар тізімін жасайды. Қысқартуларды ерікті түрде құруға жол берілмейді.

Істің тақырыбы қандай болу керек

Тақырып қысқаша түрде жалпыланған түрде іс құжаттарының негізгі мазмұны мен құрамын көрсетуі керек. Тақырыптарды құрастыру кезінде істердің мазмұнына байланысты сараланған тәсіл қолданылады.

Тақырыпты құрастыру (нақтылау) әдістемесіне қойылатын негізгі талаптар:

- 1) құжаттарда көрсетілген фактілер мен оқиғалар бейтарап позициялардан ашылады;

2) тақырып мәтіні іс құжаттарының мағыналық мазмұнын жинақтап, нақты көрсетуі керек. Жеке құжаттардың атауларын тақырыпта атап жазуға жол берілмейді;

3) істердің тақырыбында құжаттардың мазмұнын қазіргі заманғы тілде кіріспе сөздер мен күрделі синтаксистік тіркестерсіз баяндалады, жеке терминдер, сондай-ақ ұйымдардың, әкімшілік-аумақтық бірліктердің атаулары және дәуірге тән географиялық атаулар сақталады;

4) нақты емес, мазмұнын ашпайтын тұжырымдамалар («әртүрлі хат-хабар», «жалпы хат алмасу», «орындау үшін қағаздар» және т. б.) тақырыпта қолданылмайды.

Іс тақырыбына келесі элементтер кіреді:

- 1) іс түрінің (сақтау бірлігінің) немесе құжат түрінің атауы;
- 2) ұйымның атауы, құжаттарды дайындаған адамның (құжаттардың авторының) тегі, аты-жөні және лауазымы;
- 3) ұйымның атауы, құжаттар жіберілген немесе құжаттар алынған адамның (адресат, корреспондент) тегі мен аты-жөні, лауазымы;
- 4) іс құжаттарының мазмұнына қатысты мәселе немесе тақырып, оқиға, факт, атауы және т. б.
- 5) іс құжаттарының мазмұны байланысты елді мекеннің (аумақтың) атауы, құжаттардың авторы, адресаты немесе корреспонденті;
- 6) іс құжаттарына немесе оларда көрсетілген оқиғаларға қатысты даталар.

Іс тақырыбында істі құруға негіз болатын элементтерге назар аударады.

Тақырыптың басында істің құрамын сипаттайтын келесі элементтер көрсетіледі:

- 1) сақтау бірлігінің түрі (іс, хат алмасу, журнал, кітап және т. б.);
- 2) құжаттардың түрі (түрлілігі) (хаттамалар, бұйрықтар, актілер және т. б.).

Егер сақтау бірлігі мазмұнның бірлігімен және бір нақты мәселе (іс) бойынша іс жүргізудің бірізділігімен байланысты әртүрлі құжаттардан тұрса, тақырыпты құрастыру кезінде «іс» ұғымы қолданылады. Бұл ұғым негізінен сипаттау кезінде қолданылады:

- 1) сот, тергеу, жеке (жеке) істерде;
- 2) ұйымның қызметін көрсететін бірнеше түрдегі құжаттар (хаттамалар, жоспарлар, сметалар, баяндау жазбалары, есептер) біріктірілген істерде.

Корреспондентті істің (құжаттардың) түрі ұйымның ресми атауы немесе жеке тұлғаның тегі, лауазымы, атағы, кәсібі түрінде белгілегеннен кейін көрсетіледі.

Егер сақтау бірлігі «хат алмасу» болса, онда тақырыпта тек корреспонденттердің аты-жөні мен хат алмасу тақырыбы көрсетіледі, ал ұйымның қор жасаушының аты, әдетте, көрсетілмейді. Егер хат алмасу біртектес корреспонденттермен жүргізілсе, онда тақырыпта корреспонденттердің жалпы атауы көрсетіледі. Құжаттардың мазмұнын көрсететін сұрақтың (тақырыптың) мәлімдемесі тақырыптың негізгі бөлігі болып табылады және іс түрін, құжаттардың авторын, корреспондентін (адресатын) көрсеткеннен кейін беріледі.

Тақырыптарда құжаттардың мазмұнын айқындайтын мәселені (мәніні) баяндау кезінде, мыналарды орындау керек:

1) егер істің құжаттарының мазмұны қандай да бір ұйымдарға немесе тұлғаларға қатысты болған жағдайда, егер үш және одан да көп ұйымдар немесе тұлғалар туралы аталса, ұйымдардың толық немесе қысқартылған ресми атаулары немесе тұлғалардың лауазымдарын, атақтарын, кәсіптерін көрсете отырып тектері мен аты-жөнін, олардың жалпы түрлік түсінігін келтіру;

2) сот істерінің тақырыптарында тұлғалардың тектері, есімдері және әкелерінің атынан (немесе аты-жөнінен) басқа, істің мәнін ашу;

3) егерде сақтау бірлігі құжаттарының мазмұны, бір жалпы мәселенің бөлігі болып табылатын бірнеше мәселеге қатысты болса, онда тақырыпта жеке сипаттағы барлық мәселелерді қамтитын тұжырымдағы жалпы мәселе көрсетіледі.

Егер оқиға орнын немесе құжат авторларының (адресаттардың, корреспонденттердің) тұратын жерін көрсету қажет болған жағдайда, істің тақырыбына жердің (елді мекеннің, географиялық объектілердің, әкімшілік-аумақтық бірліктердің) атауы енгізіледі. Егер сақтау бірлігі бірнеше мәселе бойынша, бірақ іс қағаздарының жүйелілігімен байланысты емес құжаттардан тұрса, тақырып құрау кезінде «құжаттар» ұғымы қолданылады, ал жақшада құжаттардың негізгі түрлері көрсетіледі.

Крекингтік полимер өндірісінің мұнай-химиялық синтезін өндіруде аяқталған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыру бойынша құжаттар (хаттамалар, баяндау жазбалары, қорытындылар және т. б.).



МЫСАЛ

«Құжаттар» ұғымы сонымен қатар құжаттарды, яғни кез келген жалпылайтын құжатқа қосымшаларды білдіреді: бұйрыққа, хаттамаға, осындай жылға арналған есепке.

Егер сақтау бірлігі бір типтегі құжаттардан тұрса, онда тақырыпқа көпше түріндегі құжаттар атауы қойылады.

1963 жылғы 8 қаңтар мен 14 желтоқсан аралығында Қазақ КСР Ғылым академиясы Тарих институтының Ғылыми кеңесі отырыстарының хаттамасы № 1-ден № 12-ге дейін.



МЫСАЛ

Істің немесе құжаттың түрі белгіленгеннен кейін, тақырыпта іске енгізілген құжаттардың авторы көрсетіледі. Егер оның қызметінде қалыптасқан ұйым құжаттардың авторы болып табылса, істің тақырыбында ұйымның

атауы не жазылмайды, не оның жалпы түрінің атауы келтіріледі (комитет, сот, комиссия және тағы басқалар).

«Қарағанды облысының көмір өндіретін кәсіпорындарымен жабдықты жеткізу туралы хат алмасу».



МЫСАЛ

Әкімшілік-аумақтық бірліктердің және елді мекендердің атаулары ауыл (село, деревня), қала, аудан (уезд), облыс және т. б. ұлғаю ретімен жазылады.

Егер дәл даталау оқиғалар мен фактілер арасындағы тарихи байланыстарды көрсететін болса және құжаттардың нақты мазмұнын түсіну үшін қажет болса, онда құжаттарда баяндалған оқиғаларға қатысты даталар тақырыпқа енгізіледі. Егер іс бір құжаттан тұрса, онда тақырыпта құжаттың түрі, ол қайдан шыққаны, кімге жіберілгені, оның датасы және қысқаша мазмұны жазылады. Жоспарлар мен есептерден тұратын сақтау бірліктерінің тақырыбында жоспардың қай жылға (кезеңге) жасалғаны немесе қай жылдың (кезеңнің) қорытындысы бойынша жасалған есебі екені көрсетіледі. Егер іс бірнеше томнан (бөліктен) тұратын болса, барлық томдарға (бөліктерге) ортақ тақырып беріледі, содан кейін (қажет болса) әрбір томның (бөліктің) мазмұнына жеке-жеке нақтылау жасалады.

«1946–1950 жылдардағы Қазақ КСР-ндағы ауыл шаруашылығының дамуы туралы статистикалық мәліметтер. 1-том. Екіншілік».

«1946–1950 жылдардағы Қазақ КСР-ндағы ауыл шаруашылығының дамуы туралы статистикалық мәліметтер. 3-том (соңғы). Мал шаруашылығы».



МЫСАЛ

Зерттеу арқылы тақырыпты құрастырушы белгілеген тақырыпқа енгізілген деректер (тегі, аты, әкесінің аты, жердің атауы, ұйымның атауы және т. б.) тік жақшаға алынады.

Құжаттардың аңдатпасын қалай жасау керек



Іс құжаттарының аңдатпасы – жекелеген құжаттардың, іс құжаттар тобының қысқаша сипаттамасы.



ОҚЫРМАН САУАЛЫ

Ұйым бір уақытта бірнеше қызметкерді қабылдайды. Жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау туралы бір бұйрықпен ресімдеуге бола ма? Бұл құпия ақпаратты сақтауды бұзу емес пе?

Құжаттама жасау қағидалары 3-параграфтың 46-тармағында біртекті сипаттағы іс-қимылдар бір тармақта санамалануы мүмкін делінген. 3-параграф негізінен бұйрықтарды ресімдеу тәртібін сипаттайды. Бұл ретте онда бірнеше адамды (жұмыскерлерді) бір бұйрықта көрсетуге тыйым салынбаған. Сондықтан жұмысқа қабылдау туралы бұйрықта бірнеше жұмыскерді ресімдеу бұзушылық болып табылмайды.



**ТОЛЫҚ
ЖАУАПТЫ
ЖАҢА
ЭЛЕКТРОНДЫҚ
ЖҮЙЕСІНЕН
ҚАРАҢЫЗ**

ACTUALIS:
КАДРОВОЕ ДЕЛО
www.vip-kadry.mcfr.kz



Мыналар аңдатпаланады:

- 1) аса құнды құжаттар;
- 2) Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени объектілеріне жатқызылған құжаттар;
- 3) негізгі құжатқа қосымша-құжаттар;
- 4) алдыңғы-ұйымдардың құжаттары;
- 5) жеке құрам бойынша мәліметтер бар, анықтамалық маңызы бар құжаттар;
- 6) осы істе бар-жоғын тақырыбы бойынша анықтау мүмкін емес, өз еркімен іздестіру заты болатын құжаттар (үндеухаттар, листовкалар, прокламациялар, карталар, жоспарлар, сызбалар, фотосуреттер және т. б.)

Аңдатпа жеке құжатты сипаттау үшін қабылданған тәртіппен жасалады немесе құжат мазмұнының бір бөлігінің қысқаша мазмұнамасы ретінде құрастырылады. Баспа материалдарын аңдатпалау кезінде құжаттың түрі, оның атауы немесе құжаттың бастапқы сөздері (атауы белгісіз болған кезде), шығу деректері көрсетіледі.

Сызба және басқа бейнелеу материалдарының аңдатпаларында құжаттың материалы, түрі, пішіні және оның орындалу тәсілін, карталар үшін - масштабын көрсету ұсынылады. Аңдатпада сондай-ақ құжаттарда аталатын және маңызды мәні бар (аңдатпаның соңында «аталады» деген айдармен тізбеленеді) тұлғалардың аты, ұйымдардың атауы, географиялық атаулары және сол сияқтылар келтіріледі. Аңдатпаның соңында аңдатпаланатын құжаттардың парақтар нөмірлері келтіріледі. Аңдатпада мәліметтердің егжей-тегжейлігінің дәрежесі («қысқаша мәлімет», «нақты хабар») белгіленуі мүмкін. Аңдатпалау кезінде негізгі мағынаны бермейтін сөз орамдары мен сөздерді («құжаттарда бар», «құжаттар қатысты»), сондай-ақ «аса құнды құжаттар», «өте қызықты құжаттар» және сол сияқты субъективті тұжырымдарды қолданбау керек.

Аңдатпа тақырыптан кейін қызыл сызықтан бастап жазылады.

Журналдың келесі нөмірінде тақырыпты жалғастырып, құжаттардың түпнұсқалығының сипаттамасы, толықтығы дәрежесі, көрсету әдісі және істердің сыртқы ерекшеліктері туралы сөйлесеміз.

1-қосымша

**Басқарушылық істердің архивтік тізімдемесінің
қайта өңделген нысаны**

БЕКІТЕМІН
Мемлекеттік архив директоры
(мемлекеттік архивтің ресми атауы)
_____ Қолтаңбаның
(қолтаңбасы) толық жазылуы
Күні

№ ____ архив қоры

№ ____ архив тізімдемесі

№ р/с	Ескі тізімдеме бойынша істердің нөмірлері	Істердің тақырыбы	Істердің соңғы даталары	Парақтар саны	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

Тізімдеменің бұл бөліміне _____ № ____ -ден № ____ -ге дейін
(санмен және жазбаша)

сақтау бірлігі енгізілді, оның ішінде:

қалып кеткен нөмірлер ____;

арнайы нөмірлер _____

Тізімдемені құрастырушы

Лауазымының атауы _____

(қолтаңбасы)

Қолтаңбасының
толық жазылуы

Қорлардың бас сақтаушысы _____

(қолтаңбасы)

Қолтаңбасының
толық жазылуы

Архив қоймасының меңгерушісі _____

(қолтаңбасы)

Қолтаңбасының
толық жазылуы

Күні

КЕЛІСІЛДІ

Жергілікті атқарушы органның СТК-ның

(Орталық мемлекеттік архивінің)

_____ жылғы «__» _____ № ____ хаттамасымен келісілді

Форматы А4 (210X297)

Ерекше құнды істердің архив тізімдемесінің нысаны

БЕКІТЕМІН

Мемлекеттік архив директоры
(мемлекеттік архивтің ресми атауы)

_____ Қолтаңбаның
(қолтаңбасы) толық жазылуы
Күні

№ ____ архив қоры

№ ____ ерекше құнды істер тізімдемесі

№ р/с	Архивтік тізімдеме- нің №	Істің №	Істің тақырыбы	Істің соңғы датасы	Істегі парақ- тар саны	Сақтандыру қорының есепке алу бірлігінің (сақтау бірлігі- нің) №	Ескерт- пе
1	2	3	4	5	6	7	8

Осы тізімдемеге _____ № ____ -ден № ____ -ге дейін ерекше
(санмен және жазбаша)

құнды істер енгізілді, оның ішінде:

қалып кеткен нөмірлер ____;

арнайы нөмірлер _____

Осы тізімдеме бойынша барлық істердің көшірмелері жасалды

Тізімдемені құрастырушы

лауазымының атауы _____ Қолтаңбасының
(қолтаңбасы) толық жазылуы

Күні

КЕЛІСІЛДІ

Жергілікті атқарушы органның СТК-ның

(Орталық мемлекеттік архивінің)

_____ жылғы «__» _____ № ____ хаттамасымен келісілді

Ескертпе: Осы тізімдеменің 7-бағанында сақтандыру қорының есепке алу бірлігінің нөмірі тек микрофише үшін көрсетіледі.

Форматы А4 (210X297)

3-қосымша

**Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының объектілері -
құжаттардың архивтік тізімдемесінің нысаны**

БЕКІТЕМІН
Мемлекеттік архив директоры
(мемлекеттік архивтің ресми атауы)
_____ Қолтаңбаның
(қолтаңбасы) толық жазылуы
Күні

№ ____ архив қоры

№ ____ құжаттардың архивтік тізімдемесі -

Қазақстан Республикасының ТММ объектілері

№ р/с	№ ерек- ше құнды істер- дің тізім- демесі	№ ерек- ше құнды істің	Құжаттың - Қазақстан Респуб- ликасы- ның ТММ объекті- сінің тақырыбы	Құжаттың - Қазақстан Респуб- лика- сының ТММ объекті- сінің соңғы датасы	Құжаттағы - Қазақстан Респуб- ликасының ТММ объекті- сіндегі парақтар саны	№ сақтандыру қорының есепке алу бірліктері (сақтау бірліктері)	Ес- кертпе
1	2	3	4	5	6	7	8

Осы тізімдемеге _____ № ____ -ден № ____ -ге дейін құжаттардың
(санмен және жазбаша)

архивтік тізімдемесі - Қазақстан Республикасының ТММ объектілері енгізілді, оның ішінде:
қалып кеткен нөмірлер ____;
арнайы нөмірлер _____

Осы тізімдеме бойынша барлық істердің көшірмелері жасалды

Тізімдемені құрастырушы

лауазымының атауы _____ Қолтаңбасының
(қолтаңбасы) толық жазылуы

Күні

КЕЛІСІЛДІ

Жергілікті атқарушы органның СТК-ның
(Орталық мемлекеттік архивінің)

_____ жылғы «__» _____ № ____ хаттамасымен келісілді

Форматы А4 (210X297)

Н. Артонкина,
«НФП Бизнес решения» ЖШҚ Ұйымдастырушылық және құжаттамалық
қамтамасыз ету бөлімінің бастығы, Мәскеу қ.



Шексіз MS PowerPoint: мерекеге арналған бірегей ашық хат жасау



MS PowerPoint бағдарламасында семинарлар мен іс-шараларға арналған презентациялар жасаған боларсыз. Бірақ, сіз, бәлкім, бағдарламаға енгізілген функциялардың жартысын да пайдаланбаған боларсыз. Сондай-ақ, ол сіздің шығармашылық қиялыңызды жүзеге асыруға және өзіне тән қатаң стильдегі іскерлік презентацияны емес, әдемі және ерекше ашық хатты жасауға мүмкіндік беретін функцияларға ие. Сіз оны әйел - әріптестеріңізге, туыстарыңызға, достарыңызға, таныстарыңызға жіберіп, оларды 8 наурызбен құттықтай аласыз! Әдеттегі қайталанатын құттықтау емес, жеке құттықтау болады.




1-қадам. Фондық суретті жүктеп алып, реттеңіз – бұл сіздің ашық хатыңыздың негізі. Оның фонына сәйкес суретті табыңыз. Егер сіз оған құттықтау мәтінін тікелей орналастыруды жоспарласаңыз, көптеген элементтері мен алуан түрлілігі бар жарқын суреттерден аулақ болыңыз. Болашақ мәтін үшін бос орын бар композицияны таңдаған дұрыс.

Ашық хатқа арналған сәтті және сәтсіз суреттің мысалы


 Жаман	 Жақсы
	
	

Суретті слайдқа кірістіру үшін мәзірдегі «Вставка» бөлімін қолданыңыз (1-сурет).




1-сурет

Содан кейін «Рисунки» қойындысын басып, өзіңізге ұнайтын суретті таңдаңыз. Суреттің өлшемін реттеу үшін курсорды пайдаланыңыз: бүкіл слайд үшін немесе оның бір бөлігі үшін (2-сурет).




2-сурет

Кескіннің жарықтығы мен контрастын реттеңіз, кадрдың пішіні мен өлшемі сияқты кескіннің стилін таңдаңыз. Ол үшін «**Формат**» мәзірін қолданыңыз (3-сурет).




3-сурет

Мұнда қажетті шаблондар бар. Фонды ашық хатқа ұқсастыру үшін мына мәзірді қолданып фондық әсерлермен жұмыс жасаңыз: көлеңке түсіріңіз, шағылыстыруды немесе жұмсақтықты (бұлдыр эффект) бейнелеңіз (4-сурет).




4-сурет

Егер сіз ашық хатыңызды электрондық пошта арқылы жіберуді жоспарласаңыз, суретті қысыңыз, яғни оның өлшемін кішірейтіңіз. Әйтпесе, сіз оны жібере алмайсыз. «Формат» мәзірінде «Сжать рисунки» қойындысын басыңыз (5-сурет).




5-сурет

Диалог терезесі ашылады. «**Параметры**» және шығыс сапасын: «**Электронная почта**» таңдаңыз (6-сурет).




6-сурет

2-қадам. Құттықтаудың мәтінін ресімдеңіз. Ашық хатта мәтінді орналастыру үшін «Вставка» мәзірінде «**Надпись**» таңдаңыз (7-сурет).




7-сурет

Сіз мәтінді тере салысымен «Главная» мәзірінде «**Форматирование**» функциясы қолжетімді болады. Ол MS Word-тағы форматтауға толық ұқсайды: түсін, қарпін және көлемін таңдау, мәтіннің орналасуы (8-сурет).



8-сурет

«Формат» мәзірінде «Стили WordArt» таңдаңыз. Бұл көлемі, сұлбасы немесе көлеңкесі бар мәтіннің дайын стильдері. Ұнағанын таңдаңыз. «Стили фигур» функциясы мәтінге фон және (немесе) жиектеме орнатуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, экспресс-стильді таңдап, «Эффекты для фигур» қосуға болады: көлеңке, көлем, жарқырау, бедер (9-сурет).




9-сурет

3-қадам. Анимацияны реттеңіз. Анимация – бұл презентация элементтерін (мәтінді, суреттерді) экранға шығарудың әсері. Әр элемент үшін бөлек эффект орнатуға болады. Мысалы, алдымен фондық сурет баяу шығады немесе жоғарыдан төмен қарай ашылады. Осыдан кейін мәтін пайда болады – машинкаға басылып жатқан сияқты болу керек.


Ашық хатыңызды осындай әсерлермен қамтамасыз ету үшін «Анимация» мәзірін қолданыңыз, содан кейін «Настройка анимации» таңдаңыз. Ретке келтіру тақтасы пайда болады (10-сурет). Әр элемент бөлек реттелуі керек, ол үшін оларды курсормен көрсетіңіз. Эффекттің басталуын реттеңіз. «После предыдущего» таңдауды ұсынамыз. Бағыт пен жылдамдықты орнатыңыз. Мысалы, өлеңді «Титры» эффектiсiмен оқығанда қызықты болады – мәтін төменнен жоғары қарай қалқып жүретін сияқты, ал «Құттықтау» сияқты қысқа жазулар «Нить» әсерлерімен әдемі шығады. Бәрінің қалай жұмыс істейтінін панельдің төменгі жағындағы «Просмотр» батырмасын басу арқылы тексеріңіз.

Әсерлерді реттеу сонымен қатар оларға дыбыстық қолдау қосуға мүмкіндік береді, бірақ егер сіз оны қаласаңыз, бұл орынды ма, жоқ па, соны қарастырыңыз.




10-сурет

4-қадам. Аудио немесе бейнебаян қосыңыз. Аудио немесе бейнебаян қосу үшін «Вставка» мәзірінде «Видео» или «Звук» таңдаңыз (11-сурет). Қажетті файлды қойыңыз.




11-сурет

Видео» терезесін слайдтың кез келген жеріне орналастыра аласыз. Немесе оны ені бойынша толық орналастырыңыз. Бейне файлдың жүктелгенін түсінесіз, өйткені «Работа с видео» қойындысы пайда болады (12-сурет).



12-сурет


Егер сіз бейнебаянның немесе аудионың автоматты түрде басталуына қарсы болмасаңыз, ештеңені реттемеңіз. Егер сіз оны тінтуірдің шертуімен басталғанын қаласаңыз, «Параметры видео» мәзірінде осы реттеуішті көрсетіңіз (13-сурет).



13-сурет


Мәзірде сіз бейнебаянның көлемі, оны айналдыру жылдамдығы, басталуы сияқты параметрлерді орната аласыз.

Сонымен қатар, сіз өзіңіздің аудио құттықтауыңызды жаза аласыз. Ол үшін «Звук» мәзірінде «Записать звук» таңдап, тілектеріңізді айтыңыз (14-сурет). Ашық хатты алушы сіздің дауысыңыз бен сөздеріңізді естиді.



14-сурет

5-қадам. Барлығы жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. Енді ашықхатты дұрыс сақтаңыз. Сонымен, сіз барлық қажетті элементтерді қосып, реттедіңіз. Енді ашық хат-презентациясын бастаңыз және бәрі ойдағыдай аяқталғанын тексеріңіз. Ол үшін «Показ слайдов» мәзірінде «Настройка времени» функциясын таңдаңыз (15-сурет).



15-сурет

Бағдарлама слайдтарды көрсетуге кеткен уақытты жазады, жылдамдықты сақтайды, сонда оны кейінірек автоматты режимде пайдалануға болады.

Ашық хат файлын сақтау кезінде мәзірде арнайы: «**Сохранить как**» – «**Демонстрация PowerPoint**» қойындысын таңдаңыз. Сонда алушы ашық хатты қарау режимінде бірден ашады.



А. Тыналин,
«Lex Consulting» ЖК заңгері, Алматы қ.



«Занды тұлғаның банкроттығы туралы өтініш жасаймыз» кейсі



Құрметті оқырмандар, сіздер үшін жаңа кейстер топтамасын дайындадық, онда түрлі құжаттарды жасау және ресімдеу тақырыбын қарастырамыз. Кезекті тапсырмада ұсынылған құжатпен танысып, оны дайындаудағы қателіктер мен дәлсіздіктерді табуды ұсынамыз.



Алмалы аудандық сотына
Алматы қ.

Борышкер:

«СҰҢҚАР» ЖШС

БСН 987654321098

Мекенжайы: Алматы қ., Гайдара көш., 333-үй, 55-кеңсе

ӨТІНІШ

борышкерді төлемге қабілетсіз деп (банкрот) тану туралы

Борышкер: «СҰҢҚАР» ЖШС, БСН 987654321098.

Борышкер дауласпайтын ақша міндеттемелері бойынша кредиторлар талаптарының сомасы 01.03.2021 жылғы жағдай бойынша 20 000 000 (жиырма миллион) теңгені құрайды, оның ішінде: 10 000 000 (он миллион) теңге – бұл Алматы қаласы Медеу аудандық сотының шешіміне сәйкес «Платина Строй» ЖШС алдындағы борышкердің қарызы.

Борышкердің жеке адамдардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша қарыздары жоқ. Кәсіпорын жұмыскерлеріне жалақы мен демалыс төлемдері бойынша, зияткерлік еңбегі үшін авторлық сыйақылар және басқа төлемдер бойынша қарыздары жоқ.

Міндетті төлемдер: салықтар мен төлемдерді Борышкер төледі.

Қазіргі уақытта Борышкердің ешқандай мүлкі жоқ.

Өтініш беру кезінде борышкердің ашық шоттары жоқ.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабына сәйкес көрсетілген жағдайда, Борышкердің басшысы сотқа борышкерді төлемге қабілетсіз (банкрот) деп тану туралы өтінішпен жүгінуге міндетті.

Жоғарыда айтылғандар негізінде

СОТТАН:

1. «СҰҢҚАР» ЖШС төлемге қабілетсіз (банкрот) деп тануды.
2. Төрелік (уақытша) басқарушы тағайындауды.
3. Төрелік басқарушының сыйақысын 200,000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде бекітуді сұраймын.

Кейістің сұрағы: Заңды тұлғаның банкроттығы туралы өтініш жасаған кезде қандай бұзушылықтарға жол берілді?

№ 2 тапсырманың жауабы («Жұмыскерлерге сыйлықақы беру туралы бұйрық жасаймыз» кейсі)

Жұмыскерлерге сыйлықақы беру туралы бұйрық жасаған кезде іс қағаздарын жүргізудің келесі бұзушылықтарына жол берілді:

- 1) бұйрықтың нөмірі және оның әріптік белгісі (литера) көрсетілмеген;
- 2) жауапты лауазымды адамдардың қолтаңбалары жоқ;
- 3) жауапты адамдарды көрсету туралы тармақ жоқ;
- 4) бұйрықтың орындалуын бақылауды көрсететін тармақ жоқ.

Жауаптарыңызды «Кәсіби шеберлік мектебі» (№ 3) белгісімен мына мекенжайға: 050009, Алматы қ., Шевченко көш., 1656/72г, Радостовец көшесінің қиылысы, 712 кеңсе немесе shkola@mcfr.kz электрондық поштаға жолдаңыздар, міндетті түрде тегіңізді, атыңызды, әкеңіздің атын, лауазымыңызды, жұмыс орныңызды және толық пошталық мекенжайыңызды көрсетіңіз.

Жүлделі ойынға журналдың кез келген нөміріне жауап беріп, қатыса алатындарыңызды ұмытпаңыздар.

А. Верещагина,
психология ғылымының докторы, РХШ және МҚА Батыс филиалының
доценті, практик психолог, Калининград қ.



Ассоциативтік тест: өзіңізді жақсы білесіз бе?



Ассоциативтік тестілер қолдануда қарапайым және жеңіл. Солардың бірін ұсынамыз. Маңызды істеріңізді бір минутқа тоқтатып, көңіл көтеріңізші – екі кезеңдік тесттен өтіп көріңіз. Алты нысанды салу қажет (қағазға немесе ойша). Әрқайсысы өмірдегі оқиғаларға деген көзқарасты, не өмірдің кез келген саласындағы жағдайды, не айналадағылармен, жақын адамдармен қарым-қатынасты бейнелейді.



1-кезең. Шөл даланың суретін салып, оны басқа нысандармен толтырыңыз.

1. Шөл. Шөл даланы елестетіңіз, асықпаңыз. Шөлді толық сезініңіз. Ол қандай? Құмы қандай? Күн қандай? Сіз бұл шөлде өзіңізді қалай сезінесіз? Ыстық па, суық па? Мүмкін сіз өзіңізді ыңғайлы сезінетін боларсыз?

2. Текшені елестетіп, оны шөлдің кез келген жеріне орналастырыңыз. Текшені бейнелегенде, оның қандай болатынын ойлаңыз. Өзіңізге мына сұрақтарға жауап беріңіз: *«Оның мөлшері, түсі қандай? Жеңіл ме, ауыр ма? Қатты ма, жұмсақ па? Өзгереді ме жоқ па? Ол неден жасалған? Одан жарық түседі ме?»*. Барлық сипаттамаларды жазыңыз, жазуда өзіңізді шектемеңіз. Егер, мысалы, «күлкілі» деп көрсеткіңіз келсе, тура солай жазып қойыңыз.

3. Енді осы шөл далада баспалдақтың сурет салыңыз. Ол неден жасалған, жаңа ма әлде ескі ме, үлкен бе немесе кіші ме, мықты ма немесе нашар ма, осыларды шешіп, белгілеңіз.


4. Кез келген жерде пейзажға гүлдер қосыңыз. Олар қанша, шынайы ма немесе қиялдағы гүлдер ме, әлде ертегі гүлдері ме, анықтаңыз. Бәрі бірдей ме, әлде әртүрлі ме?

5. Жылқыны елестетіп, оны суретіңіздің кез келген жерінде бейнелеңіз. Ол не істеп жатыр? Ол қай жерде жайылып жүр?

6. Дауылды елестетіңіз. Сіз оны кез келген жерде және кез келген көлемде сала аласыз. Оның тек қаншалықты күшті екенін, текшеге тиіп тұрма жоқ па, соны ойланып салыңыз.

2-қадам. Нысандарды қалай бейнелегеніңізге талдау жасаңыз.

Қорытынды нысандарды салғаныңызға қарай жасалады. Сіздің нысаныңыз қандай көлемде, қай жерде және ол қандай материалдан екенін қараңыз (егер зат жансыз болса). Толығырақ – төменде.



1-нысан. Шөл: сіздің өміріңіз және оған деген қарым-қатынасыңыз. Осы шөл далада сізге қаншалықты жайлы болса, сол өмірде өзіңізді қалай сезінетінін сізді көрсетеді.

Егер сізге ыстық болса, бүгін сізге өмірде онша ыңғайлы емес. Мүмкін сіз кейбір оқиғаларда, қарым-қатынастарда аздап шатасып жүрген шығарсыз. Бірақ бұл уақытша.


Егер сіз шөл далада өзіңізді жақсы сезінсеңіз, бүгін сіз осы әлемде жақсы өмір сүріп жүрсіз.

Егер суық болса, демек, қазір сіздің өміріңіз бұлтсыз емес. Сізде күмән тудыратын жағдайлар бар. Қатты уайымдамаңыз – сонда сіз шынымен не қажет екенін түсінесіз.

Егер сіздің шөл далаңызда тыныш болса, құм төбелері мен сирек тікенектері бар дала ыстық болса, онда өміріңіз де сондай: біркелкі және тыныш, күнделікті аздаған мәселелер бар.

Егер сіз бірден өзіңізді оазисте елестетсеңіз, демек, сіз өмірге жайлы әрі талғаммен қоныстануды білесіз.

Егер сіз шөлдің ортасында **шөлдеп, шаршағаныңызды елестетсеңіз,** сіздің өміріңізде уақытша жайсыз кезең басталды.



2-нысан. Текше: адамның өзі туралы ойы. Текшенің қаншалықты үлкен екенін, қай жерде орналасқанын, неден жасалғанын және қандай түсті екенін қараңыз. Ол қаншалықты мөлдір, жеңіл болса, адам соғұрлым мейірімді, жайдары және ашық. Тиісінше, текшенің мөлшері және оның шөлдегі орны адамның өзін қалай қабылдайтынын және өзіне деген көзқарасын көрсетеді.

Сіріңке қорапшасы сияқты кішкентай текше: сіз бірдеңе зерттеп, тәжірибе жасайтын көп еңбекті талап ететін жұмысқа бейімсіз.

Көлемі теледидар сияқты текше (көлемі орташа): сіз шағын ұжымды басқаруға бейімсіз.

Көлік көлеміндегі текше: қажырлы еңбек сізді шаршатады. Сіз саны бойынша орташа ұжымның қызметін басқаруға бейімсіз.

Үйдің көлеміндегі үлкен текше: сіз туа біткен басшысыз. Ұсақ-түйек нәрселермен алысуды ұнатпайсыз, басқару үшін сізге масштаб қажет.

Жеңіл текше: сіз өте жеңіл адамсыз, кез келген жағдайда шешімді тез қабылдайсыз.

Ауыр текше: сізді бір іс-шараға баруға көндіру қиын. Сіз бәрін таразылайсыз.

Өте ауыр текше: сіз асықпайтын адамсыз. Шешім қабылдау үшін сізге уақыт қажет. Бірақ ол тексеріліп, дәлелденген болады.

Берік материалдан жасалған текше: өзіңізге сенімдісіз, беріксіз.

Алтын текше: сіз өзіңізді баға жетпес деп санайсыз.

Әйнек текше: тазалық пен кінәсіздік сияқты қасиеттерді бейнелейді.

Қатты текше: түбегейлі мәселелерге келгенде мықтысыз.

Жұмсақ текше: сіз кейде сендіруге көнесіз, бірақ түбегейлі мәселелер бойынша өз көзқарасыңызды қорғай аласыз.

Газ тәрізді текше: өмірлік жағдайлар сізді белгісіз бағытқа апара жататын жағдайлар болады.

Сұйық текше: сіз өзгермелі бола аласыз, жаңа жағдайларға бейімделе аласыз.


Өзгеретін материалдан жасалған текше: жағдайға және қалауыңызға байланысты әртүрлі бола аласыз, өзгеретін жағдайларға оңай бейімделе аласыз.

Текше жердің үстінде орналасқан: сіз пысық адамсыз, қажет болса жағдайды алдын ала болжай аласыз. Қай жерде және не бар екенін нақты білесіз.

Текше жер бетінде қозғалады: сіз пысықсыз, қажет болған жағдайда жағдайды алдын ала болжай аласыз, бірақ сонымен бірге сізде стандартты емес шығармашылық ойлау бар және жалпы қабылданған мінез-құлық тап-таурынына көнуге кейде дайын емессіз.

Лай бір нәрсемен толтырылған текше: сіз өзіңізді ұнатпайсыз.

Іші бос текше: сіз өзіңізді бос, қанағатсыз сезінесіз.



3-нысан. Баспалдақ: сіздің жақын ортаңыз. Бұл, мысалы, достар, туыстар. Оның қанша баспалдағы бар екеніне назар аударыңыз. Бұл сіздің достарыңыздың санының көрсеткіші. Баспалдақтың беріктігі жақын адамдарыңызға арқа сүйей аласыз ба, жоқ па дегенді білдіреді.

Баспалдақ ұзын, баспалдақтары көп: араласатын адамдар шеңбері.

Қысқа, бірнеше ғана баспалдақ: достарыңыз көп емес, бірнешеу, бірақ бұл берік қарым-қатынас. Қалғандары – таныстарыңыз.

Өте қысқа – екі-үш баспалдақ қана: сіз ешкімді жаныңызға жақындатпайсыз. Сіздің екі-үш шынайы досыңыз бар, және бұл шынайы қарым-қатынас.

